

С.М. Егембердиева,
э.ғ.д., профессор

Л.Н. Иғалиева,
PhD докторант

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана қаласы, Қазақстан,

Б.Ж. Утеев,
Халықаралық бизнес университеті
Алматы қаласы, Қазақстан

Қазақстан Республикасындағы қоршаған ортаны қорғау: ахуалды талдау және реттеу тетіктері

Кіріспе

Қазіргі заманғы сыни экологиялық және экономикалық шындықтар дамыған техногендік түрін орнықты экологиялық теңгерімделген түрге өзгерту қажеттігін көрсетеді. Соңғы уақытта Қазақстан Республикасында үкіметтік деңгейде қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне көңіл бөлініп жатыр, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі республикалық және өңірлік бағдарламалар белсенді бекітілуде, қоршаған ортаны ластау туралы заңнаманың талаптары күшейтіледі, бұл әдетте экономиканы табиғи ортада ресурстарды пайдалануды азайтуға немесе сақтауға бағыттайды. Дегенмен, кәсіпорындар тарапынан қоршаған ортаны қорғау бойынша қолданыстағы инерциалды үрдістерді сақтай отырып, экологиялау үдерістерін дамыту күрделі мәселе болып табылады, оны шешу мемлекеттік және жеке бизнестің бірлескен күшімен ғана қол жеткізіледі [1].

Негізгі бөлім

Өзіміз білетіндей, экономиканың орнықты экологиялық дамуын қалыптастырудың негізгі мәселелері күрделі, кешенді сипатқа ие және олар кәсіпорын-

ның өздері мен мемлекеттік органдар арасындағы жауапкершілікті бөлуімен байланысты. Осыған орай, қоршаған ортаны қорғаудың ұйымдастырушылық және экономикалық тетіктерінің мақсаттары мен міндеттері кәсіпорындар мен мемлекеттің мүдделерін қамтуы тиіс. Қоршаған ортаны қорғаудың қолданыстағы тетіктеріне қарамастан, Қазақстанның көптеген өңірлерінде қолданыстағы экологиялық мәселелер күрделене түсуде және жаңадан қосылуда. Қоғамда орын алып отырған көптеген мәселелер, әсіресе төлемдер бойынша ғылыми негіздеменің болмауы нәтижесінде, табиғатты пайдаланушылар табиғи ресурстарды ұтымды және кешенді пайдаланудың мемлекеттік немесе аймақтық мүдделерін есепке алмайды, ал бұл түптің түбінде Қазақстан өнеркәсібінің дамуының тұрақтылығына теріс әсер етеді. Осыған байланысты стандарттар жүйесі (нормалар, нормативтер, квоталар) негізінде жаңа экономикалық реттеу тетіктерін жасау қажет. Бұл жүйеден ауытқу белгілі бір экономикалық санкцияларға (экологиялық заңнаманы бұзған заңды және жеке тұлғалардан алынатын айыппұлдардан өндірісті тоқтатуға, құрылысты тоқтатуға және т.б.дейінгі) алып келуі керек. Жеңілдікті салық салу үшін әртүрлі шарттарын

қолдану арқылы (салық салу базасын төмендетуден, тарифтерден - салықтық үзілістерге дейін); қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану жөніндегі шараларды жүзеге асыру үшін жеңілдетілген немесе пайызсыз инвестициялық қорларды беру арқылы жағдайларды сақтау қажет. Қоршаған ортаны қорғаудың осындай ұйымдастырушылық және экономикалық тетігі кәсіпорындарға экологиялық төлемдерге жұмсалатын шығындарды азайтуға мүмкіндік беретін ресурс үнемдейтін, инновациялық өндірістік технологияларды енгізуді ынталандыруға бағытталады. Ал ол өз кезегінде, кәсіпорындарға қалдықтарды шикізаттың жаңа түріне айналдыруға, нарыққа бәсекеге қабілетті, жоғары құндылығымен ерекшеленетін экологиялық таза өнімдермен шығуға мүмкіндік береді [2].

Қазақстанның экологиялық мәселелер тізімінде анықталған экологиялық мәселелер жаһандық, ұлттық және жергілікті болып бөлінеді. Жаһандық экологиялық мәселелерге: жаһандық климаттың өзгеруінің жағымсыз әсері; озон қабатының азаюы; биоалуантүрлілікті сақтау; жердің құрғап кетуі мен тозуы жатқызылады. Қазақстан Республикасының ұлттық мәселелері, бұл - Арал теңізі аймағының қысқаруы, бұрынғы Семей сынақ полигонының болуы, Каспий қайраңының ресурстарын қарқынды игерудің теңіз және жағалау экожүйелеріне әсері, су ресурстарының сарқылуы мен ластануы, тарихи ластанулар, трансшекаралық экологиялық мәселелер, әскери-ғарыштық полигондары мен сынақ кешендерінің әсері болып табылады. Қазақстан Республикасының жергілікті экологиялық мәселелеріне: ауаның және су ресурстарының ластануы; радиоактивті, химиялық ластану; сондай-ақ өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтар мәселелері жатады [3].

Мәселелердің басым бөлігі шешім қабылдау сатысында тұр, алайда Қазақстан Республикасының қабылдаған Экологиялық Кодексін іске асыру барысында да нәтижелер қуантарлық деңгейге жетпеумен қатар (бірнеше іс-шаралар үшін жобалық-сметалық құжаттамалар дайындалғанмен қаржыландыру көзінің тапшылығынан көптеген жұмыстар жүргізілмейді), экологиялық мәселелердің тізімі де өсіп келеді [4].

Соңғы онжылдықта Қазақстанда орасан зор гидротехникалық және басқа да ірі жобалардың іске асырылуы нәтижесінде экологиялық жағдай нашарлап, оның өнімділігі де төмендей түсті. Шаруашылық-экономикалық іс-әрекет нәтижесінде көптеген өңірлер төтенше экологиялық ахуалдың таралу аймақтарына айналды, мысалы Арал, Каспий, Семей өңірлері. Қазақстандағы тау-кен және мұнай өндіру салаларының қарқынды дамуы, елдегі заманауи өнеркәсіптің негізі металлургия, отын және тау-кен өнеркәсібі салаларының белсенді жұмыс жасауы қоршаған орта үшін ең қауіпті болып табылады. Олардың үлесіне барлық қоршаған ортаға шығарылатын қалдықтардың 88,5 %-ы тиесілі.

Антропогендік әсердің сызықты және техногендік түрлеріне республика аумағының 16 828 км қашықтығын алып жатқан мұнай-газ құбырлары кіреді. Жер асты және жер асты құбырларының көп бөлігі республиканың батысында мұнай-газ өндіру аудандарына Маңғыстау, Атырау және Батыс Қазақстан облыстары шегінде орналасқан. Жалпы алғанда, өнеркәсіптік және техногендік әсері бар бұзылған ландшафттар аумақтың 5,8% құрайды және негізінен Ақтөбе, Атырау, Қарағанды, Шығыс Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстарында шоғырланған.

Қазіргі кезеңде белең алып отырған басты мәселелердің бірі – Қазақстанда атмосфералық ауаға ластанушы заттардың көптеп шығарылуы болып отыр.

Атмосфера – бұл ауқымды аспан кеңістігі жүйесі болып табылғандықтан, ластауыш заттар шығарындылары атмосфералық ауа сапасына, экожүйе мен халық денсаулығының тұрақтылығына ықпал етеді, яғни қоршаған ортаға жасалатын елеулі қысым болып табылады.

Атмосфералық ауаның негізгі ластағыштары өндіруші кәсіпорындар болып табылады, олардың ластауыш заттар шығарындыларының жалпы көлеміндегі үлесі – 51%, электр энергиясын, газды және суды өндіретін және тарататын кәсіпорындар – 27,8%, тау-кен

кәсіпорындары – 13,7%, көлік байланыс – 3,3%, басқа кәсіпорындары – 4,1%-ды құрайды.

2016 жылғы еліміздің кәсіпорындарының тұрақты көздерімен атмосфералық ауаға 2271,6 мың тонна ластауыш заттар шығарылған, бұл 2015 жылға қарағанда 4,2 пайызға кем. Ластауыш ерекше заттардың негізгі түрлері шығарындыларының көптеген көлемі күкірт қос тотықтары – 767,4 мың тонна, көміртек тотықтары – 473,0 және азот оксидтері – 246,6 мың тоннаға келеді (сурет 1).



Сурет 1 – Аймақтар бойынша 2016 жылы ластауыш заттардың шығарындылары, мың тонна

Ескерту – [5] дереккөзі мәліметтері негізінде жасақталды.

Қазақстан Республикасында өндірістік қолдықтормен, ең көп ластанған болып Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Павлодар облыстары есептеледі. 2016 жылы стационарлы көздерден атмосфералық ауаға ластауыш заттардың

шығарындылары 2,2 млн тоннаны құрады, оның деңгейі өткен жылмен салыстырғанда 4,2%-ға ұлғайған.

Атмосфералық ауаға ластауыш заттардың негізгі шығарындылары барлық шығарындылардың 80,8 пайызын құрайтын

өнеркәсіп кәсіпорындарымен жүзеге асырылады.

Атмосфералық ауаға шығарылған ластауыш заттардың жалпы көлемінің 79,7%-ы газ тәріздес және сұйық заттарға, 20,2%-ы қатты заттарға тиесілі. Атмосфералық ауаның ластану проблема-

сы Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Ақмола облыстарында және Астана қаласында біршама аз. Бұл осы облыстардағы өнеркәсіптік кәсіпорындардың концентрациясына және сәйкесінше атмосфералық ауаға зиянды ластауыш заттардың аз көлемдегі шығарындыларымен байланысты (кесте 1).

Кесте 1 – Атмосфералық ауаға ластауыш заттардың шығарындылары, (мың тонна).

Әкімшілік бірліктері	2012	2013	2014	2015	2016
Қазақстан Республикасы	2 384,3	2 282,7	2 256,7	2 180,0	2 271,6
Қарағанды	641,4	572,6	603,6	569,4	593,0
Павлодар	675,9	650,4	610,2	552,9	542,7
Атырау	133,1	138,4	109,1	110,7	167,1
Ақтөбе	123,9	125,4	121,8	134,3	155,6
Шығыс Қазақстан	140,1	125	129,6	127,1	128,7
Қостанай	100,6	115,4	103,8	91,6	98,7
Ақмола	105,7	83,8	84,6	85,6	94,5
Солтүстік Қазақстан	75,7	71,4	72,0	74,9	77,7
Оңтүстік Қазақстан	48,6	56,3	59,9	69,0	72,0
Маңғыстау	64,2	77,5	88,3	72,5	65,8
Жамбыл	40,7	33,6	38,2	41,9	52,4
Алматы	64,3	68,5	51,6	55,0	50,3
Батыс Қазақстан	62,0	60,4	44,7	42,4	42,5
Қызылорда	31,1	31,2	30,8	30,1	30,1
Астана қаласы	64,9	60,6	65,1	56,3	61,7
Алматы қаласы	12,1	12,4	43,5	39,1	38,8
Ескерту – [6] дереккөзі негізінде құрастырылған.					

Қазақстан Республикасының атмосфералық ауасының негізгі ластауыш заттары күкірт диоксидінің, азот диоксидінің, көміртек оксидінің, аммиактың, көмірсутектің, фенолдың, формальдегидтің, қорғасынның қатты бөлшектерінің (шаң және күл) үлесіне тиеді және олардың қосылыстары, сонымен қатар, темір және мыстың қосылыстары да ауаға мейлінше теріс әсерін тигізуде. Әсіресе, ластауыш заттардың негізгі көлемі Қарағанды (593,0 мың тонна), Павлодар (553,1 мың тонна), Ақтөбе (169,7 мың тонна), Атырау (144,7 мың тонна) және Шығыс Қазақстан (128,6 мың тонна) облыстарында қалыптасқан.

Жалпы еліміздегі қоршаған ортаның ластануына, әсіресе ауа, су ресурстарының жоғары деңгейде ластануының басты себептеріне өндіріс орындарынан шағатын қалдықтардың көбеюі, олардың нормативтік-құқықтық нормаларды сақтамауы, мұнай газ өңдеу және мұнай химия өнеркәсібінің іс-әрекетінің аймақтардың экологиялық жағдайына тигізетін техногендік ықпалы қазіргі таңдағы басты мәселелердің бірі болып отыр. Сонымен қатар, қала жолдарындағы көлік кептелісінің салдарынан ауаға бензиндік және дизельдік отындардың көп мөлшерде шығуы әсерінен атмосфералық ауаның азот диоксидімен, көміртегі оксидімен,

органикалық заттармен және т.б. заттармен улануы, өндіріс және кен орындарының эмиссиясының шашылуы, өндіріс орындарынан шыққан заттардың жануы, ауа ластануының жоғары деңгейіне әкеліп соқтырса, кейбір елді мекендердегі атмосфералық кеністіктің төмен желдетілуі нәтижесінде атмосфераның жерге жақын қабатында ауа ластаушылары жиналып, олардың шоғырлары өте жоғары деңгейде сақталады, ал ол өз кезегінде қала маңы мен кенттердің атмосфералық ауа сапасына айтарлықтай зиянын тигізуде.

Сонымен бірге өндіріс қалдықтарының табиғатқа көптеп шығарылуы қоршаған ортаға да үлкен ықпалын тигізіп жатыр. Қазіргі таңда қазақстандық кәсіпорындарда 16 миллиард тонна қалдықтар шығарылды. Жыл сайын қалыптасқан қалдықтардың 15 % қайта кәдеге жаратылып жатса да, олардың көлемі 650 миллион тоннаға дейін ұлғаюда. 2016 жылы республиканың кәсіпорындарынан 1 млрд 811 млн тонна токсинді қалдықтар шығарылды (кесте 2).

Кесте 2 – ЖІӨ-нің бірлігіне шаққандағы негізгі ластауыш заттардың шығарындылары

Атаулары	Бірлік	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.
2011 жылғы тұрақты бағада	млрд. доллар	366,5	369,2	391,3	407,8	412,7	416,8
Күкірт диоксиді	кг/1000 доллар	2,1	2,1	1,9	1,8	1,7	1,8
Көміртек оксиді	кг/1000 доллар	1,2	1,2	1,2	1,2	1,1	1,1
Азот оксидтері	кг/1000 доллар	0,6	0,7	0,6	0,6	0,6	0,6
МЕҰОҚ (Метанды емес ұшатын органикалық қосындылар)	кг/1000 доллар	0,15	0,16	0,24	0,28	0,25	0,24
Көмірсутектер	кг/1000 доллар	0,4	0,5	0,2	0,2	0,2	0,2
Аммиак	кг/1000 доллар	0,006	0,006	0,005	0,005	0,006	0,006

Ескерту – Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика Министрлігі статистика Комитеті /stat.gov.kz/ мәліметтері негізінде жасақталды [7].

Атмосфераның негізгі ластануы жоғары токсинді газ тәріздес және түсті металлургия, жылу энергетикасы, қара металлургия, мұнай газ кешендері мен транспорттан шығатын қатты заттар қалдықтарымен байланысты болып отыр. Оның ішінде 50% жылу энергетикасымен, 33% тау және түсті металлургияның үлесіне тиеді. Қалдықтар шығарудың ең көп мөлшері бойынша Қазақстандағы жалпы қалдықтар санының 43% құрайтын Шығыс Қазақстан облысы, екінші орынды

36% қалдықтар көлемімен Орталық Қазақстан, үшінші орынды Солтүстік (7%) және Оңтүстік Қазақстан (8%) облыстары алады (кесте 3).

Аталған зияндарды алдын алудың бірден-бір жолы қоршаған ортаны қорғау мен табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға мемлекеттік басқаруды жүзеге асырудың қажетті элементі – экологиялық бақылауды күшейту болып табылады.

Кесте 3 – Қазақстан Республикасындағы токсинді сұйық және газ тәріздес ластағыш заттар қалдықтарының шығарындылары

Жылдар/ млн тонна	2009 ж	2010 ж	2011 ж	2012 ж	2013 ж	2014 ж	2015 ж	2016 ж
Қазақстан Республикасы	1 680,9	1 587,2	1 715,2	1 790,5	1 731,5	1 762,5	1 714,0	1811,0
Ақмола	31,8	37,6	41,8	70,6	45,3	49,6	50,0	50,8
Ақтөбе	205,1	109,2	103,3	105,3	104,1	101,7	113,3	136,1
Алматы	48,1	51,4	53,3	48,0	52,8	39,7	44,0	39,1
Атырау	98,1	95,6	105,4	131,3	136,1	106,8	107,6	163,8
Батыс Қазақстан	46,9	55,2	53,4	59,5	58,0	41,4	39,6	39,8
Жамбыл	10,4	10,3	13,2	23,1	20,4	25,8	28,3	41,0
Қарағанды	511,1	477,8	506,3	466,9	411,5	470,8	475,5	477,4
Қостанай	61,6	59,3	58,5	53,3	61,7	56,6	42,3	53,4
Қызылорда	29,7	25,6	25,4	23,7	25,5	25,1	25,9	25,6
Маңғыстау	59,0	63,6	70,5	62,2	74,7	83,9	67,0	62,4
Оңтүстік Қазақстан	31,1	31,5	36,1	38,7	44,6	48,9	58,5	61,4
Павлодар	341,3	367,0	435,7	495,9	497,4	474,4	431,4	424,3
Солтүстік Қазақстан	40,8	42,0	43,9	43,2	44,4	47,2	49,1	51,7
Шығыс Қазақстан	110,9	107,5	108,5	107,0	96,1	101,2	100,0	100,5
Астана қаласы	45,1	43,9	49,5	51,1	47,6	52,7	46,3	50,9
Алматы қаласы	9,9	9,7	10,4	10,7	11,3	36,6	33,2	32,8

Ескерту – Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика Министрлігі статистика Комитеті / stat.gov.kz/ мәліметтері негізінде жасакталды [7].

Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексінің 95 бабына сәйкес қоршаған ортаны және табиғатты пайдалануды экономикалық реттеудің тетіктеріне төмендегілер жатқызылады:

1) қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды жоспарлау мен қаржыландыру;

2) қоршаған ортаға эмиссиялар үшін ақы төлеу;

3) табиғи ресурстардың жекелеген түрлерін пайдаланғаны үшін ақы төлеу;

4) қоршаған ортаны қорғауды экономикалық ынталандыру;

5) қоршаған ортаға эмиссияларды басқарудың нарықтық тетіктері;

6) парниктік газдар шығарындылары мен сіндірулерін азайтудың нарықтық тетіктері;

7) экологиялық сақтандыру;

8) қоршаған ортаға эмиссиялар үшін ақы төлеу;

9) қоршаған ортаға келтірілген залалды экономикалық бағалау қоршаған ортаны қорғауды және табиғат пайдалануды экономикалық реттеу тетіктерінің түрлері болып табылады [4].

Берілген тетіктердің іс жүзінде жүзеге асуы көрсеткендей, қоршаған ортаны қорғаудың экономикалық тетіктерінің неғұрлым кең таралған құралдары болып эмиссиялық төлемдер және қоршаған ортаны қорғау бойынша шараларды қаржыландыру табылады.


Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау Министрлігінің мәліметтері бойынша қоршаған ортаны ластау үшін төленетін төлемдер мен инспекциялық

қызметтердің (айыппұл, талаптар және т.б.) нақты көлемі 2016 жылы 75,3 млрд. теңгені, соның ішінде инспекциялық қызметтерден түскен түсімдер – 489115,5 млн. теңгені құрады.

Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қоршаған ортаны қорғауға бағытталған 2016 жылғы шығындары 2015 жылмен салыстырғанда 29,7%-ға төмендеді және 196,1 млрд. теңгені құрады (сурет 2, 3).


Табиғатты қорғау шығындарының елеулі үлесі (83,5%) өнеркәсіп кәсіпорындары есебінен, көбінесе Павлодар, Атырау, Ақтобе, Маңғыстау облыстарының кәсіпорындары есебінен жүзеге асырылады.

Ағымдағы шығындардың жалпы көлемінен 41,8 млрд. теңге материалдық шығындарды құрады, одан 42,1% – атмосфералық ауаны қорғауға, 28,8% – су көздерін ағынды сулардың ластауынан қорғауға және 29,1% - қоршаған ортаны қорғау бойынша өзге де қызмет түрлеріне бағытталған (кесте 4).



Сурет 2 - Қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған 2016 жылғы шығындардың құрылымы

Ескерту – stat.gov.kz сайты мәліметтері негізінде жасақталды.



Сурет 3 – 2015-2016 жылдардағы табиғатты қорғау қызметінің түрлері бойынша Қазақстан Республикасында қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған шығындардың құрылымы

Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленеді. Табиғат пайдаланушылар экологиялық рұқсатта айқындалған нормативтер шегінде жүзеге асыратын қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін ластаушы заттардың және қалдықтар түрлерінің тізбесіне сәйкес алынады. Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін

төлемақыны есептеу әдістемесін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітеді. Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы мөлшерлемелерін облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілетті органдары Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен базалық мөлшерлемелерден төмен болмайтындай және шекті мөлшерлемелерден жоғары болмайтындай етіп белгілейді.

Кесте 4 – Қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған ағымдағы шығындардың көлемі

	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.
Қазақстан Республикасы	109 437 910	129 093 789	140 578 609	174 650 049	152 205 626
Ақмола	565 894	694 259	604 221	1 200 707	2 128 605
Ақтөбе	12 864 659	12 063 444	16 382 464	18 308 916	17 711 122
Алматы	526 383	1 623 377	1 608 070	2 431 904	1 793 189
Атырау	18 550 999	32 070 694	25 159 288	40 254 371	26 218 442
Батыс Қазақстан	1 552 961	6 450 298	4 964 179	3 793 821	7 533 073
Жамбыл	2 388 344	1 780 234	2 181 832	3 245 330	3 599 495
Қарағанды	15 559 885	16 798 313	16 968 507	23 881 108	17 040 221
Қостанай	12 263 054	12 877 799	16 572 796	5 171 019	8 303 476
Қызылорда	2 222 131	1 753 973	2 428 958	2 904 693	2 708 568
Маңғыстау	5 183 970	6 870 386	14 651 455	29 093 197	18 427 462
Оңтүстік Қазақстан	3 329 250	3 860 220	4 045 632	4 988 206	5 461 879
Павлодар	17 926 522	15 689 739	16 265 835	16 696 011	19 015 796
Солтүстік Қазақстан	329 650	569 774	772 392	1 864 711	1 994 908
Шығыс Қазақстан	12 720 200	11 771 255	13 316 733	15 838 119	15 063 348
Астана қаласы	688 235	1 302 261	992 053	1 584 670	2 424 693
Алматы қаласы	2 765 772	2 917 765	3 664 194	3 393 266	2 781 349
Ескерту – Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика Министрлігі статистика Комитеті /stat.gov.kz/ мәліметтері негізінде жасақталды [7].					

Қазақстан Республикасында қалдықтарды басқарудың жоғарыда аталған мәселелерін шешу үшін осы саладағы мемлекеттік реттеу жүйесін реформалау қажет, ол қазіргі заманғы технологияларды, қаржы ресурстарын және инвестицияларды тарту мүмкіндігін ескере отырып, ұйымдық, қаржылық және қаржылық-құқықтық

жағдайларды қамтитын қалдықтарды басқарудың тиімді экономикалық - қаржы тетіктерін құруды қажет етеді.

Экономикалық тетік «адам-табиғат» жүйесіндегі қатынастарды реттеудің жалпы тетігінің құраушы бөлігі болып табылады. Қоғамдағы және қоршаған табиғи ортаның жағдайын анықтайтын

факторлар осы қатынастарды реттеуші құрал ретінде сипатталады, ал ол өз кезегінде экономикалық тетік шеңберінде адамның қызығушылығы мен экологиялық мақсаттар арасындағы өзара байланысты анықтайды[8,9].

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы экономикалық тетік ұғымы өте күрделі және біркелкі емес түсінік болып табылады, оған әр түрлі салық, төлемдер, субсидиялар, қаржылық-несиелік шаралар, лицензиялау, қалдықтарды қайта жарату және т.б. нысандағы шараларды жатқызуға болады. Солардың ішінен келесілерді жіктеп көрсетуге болады (сурет 4):



Сурет 4 - Қазақстан Республикасындағы қоршаған ортаны қорғаудың экономикалық тетігі элементтері

Ескерту – Авторлармен құрастырылды.

Табиғатты пайдалану және табиғатты қорғау қызметін жоспарлау нәтижелері әдетте мемлекеттік деңгейде экологиялық бағдарламаларда сипатталады. Экологиялық бағдарламалар ретінде ресурстар, іске асыру мерзімі, экологиялық бағдарламаларды шешуге бағытталған шаралар кешенін орындаушылар бойынша үйлесімділік түсіндіріледі.

Табиғи ресурс әлеуеті мен қоршаған орта сапасын әлеуметтік-экономикалық бағалау мен есебі табиғи ресурстардың кешендік аумақтық кадастрларын, яғни, табиғи-ресурстық әлеует туралы және табиғатты пайдалану саласында қажетті басқарушылық шешімдерді қабылдау үшін осы мәліметтерді салыстыратын автоматтандырылған жүйені қамтитын нақты бір аймақтың экологиялық жағдайы туралы аймақтық-ұйымдық мәліметтері банктерін енгізуге негізделген.

Табиғатты пайдалануға және қоршаған ортаны қорғауға шектеуді анықтауға қатысты айтатын болсақ, бұл белгілі бір уақыт аралығында табиғи ресурстарды, тастамаларды, қалдықтарды алу және қалдықтарды көму көлемін табиғатты пайдаланушының анықтайтын экологиялық шектеулерінің аумақтық жүйелері болып табылады. Шектеулер аймақтың экологиялық тығыздығына байланысты арнайы уәкілетті органдар арқылы бекітіледі.

Табиғатты пайдалану лицензиялау ретінде арнайы рұқсат етілген құжаттар-лицензиялар беру арқылы жүзеге асырылатын шаруашылық қызметті бақылау және негіздеу жүйесі түсіндіріледі. Лицензия табиғатты пайдаланушының құқықтары мен міндеттерін, табиғатты пайдалану көлемі мен мерзімін, зиянның өтелу түрлерін анықтайды.

Табиғатты қорғау шараларын қаржыландырудың қазіргі заманғы негізіне экономиканы орталықтан жоспарлау жүйесіне сүйенетін табиғатты қорғаудың жоспарлы жүйесі жатады.

Табиғатты қорғау қызметін қаржыландыруға жиналатын қорларды пайдалану табиғатты қорғау шараларын жүргізуге мақсатты бағыттылықты сипаттайды.

Экономикалық тетіктің соңғы элементі болып негізгі құраушы бөлігі – табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау саласында экономикалық тетікті басқарудағы экономикалық ынталандыру табылады. Жалпы экономикалық-экологиялық ынталандыру әдістерінің екі тобын бөліп көрсетуге болады: жағымды және жағымсыз мотивация.

Қорытындылар

Қазақстан Республикасындағы қоршаған ортаны қорғауды ұйымдық басқарудың деңгейіне қатысты негізгі қорытындыларына келесілерді жатқызуға болады: біріншіден, айыппұлдар жинағы бақылау қызметінің орталық көрсеткіші болып қала береді; екіншіден, қоршаған ортаны стандарттау, экологиялық таңбалау және «экологиялық таза өнімдердің белгісі» ретіндегі Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің ұстанымдары тәжірибе жүзінде іске асырылмай отыр; үшіншіден, мониторингтің әрекет етуші желілері әдетте, ластаушы заттардың деңгейін қалдық көздермен байланыстыра алмайды; төртіншіден, әртүрлі министрліктер арасында және олардың ішінде экологиялық саясат мәселелеріне қатысты нақты сызықтық жауапкершіліктің болмауы; бесіншіден, біздің ойымызша, қоршаған ортаны қорғаудың экономикалық тетігінің тиімділігі тұрғысынан негізгі мәселе қоршаған ортаны қорғау саласындағы ұлттық және өңірлік деңгейлердегі уәкілетті органның экологиялық төлемдерді қалыптастыру және тарату үшін құзыреттілігінің толық болмауы болып табылады.

Осылайша, Қазақстан экономикасының тұрақты және қарқынды дамуы үшін

қоршаған ортаны қорғаудың экономикалық тетігін енгізу ең алдымен, қолданыстағы өндірістерді қайта құру және техникалық қайта жарактандыру жолымен қоршаған ортаға антропогендік әсерді азайтуға, сондай-ақ аз қалдықты өндірістік технологиялардың дамуын ынталандыруға мүмкіндік береді. Сондықтан да біз қазірден бастап, кәсіпорынның шаруашылық қызметіндегі қоршаған табиғи ортаның ластануынан болатын зияндарды сипаттайтын экономикалық тетікті құрмасақ, онда нарықтық қатынастар табиғи ортаның жойылуына септігін тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Оспанова Г.С., Бозшатов Г.Т. Экология. – Алматы, 2002. – С. 136-138.; Пинигин М.А. Задачи гигиены атмосферного воздуха и пути их решения на ближайшую перспективу // Гигиена и санитария. – 2000. – № 1. – С.3-8.
2. Калиев С. Воздействие ГМК на окружающую среду // Промышленность Казахстана. – 2008. – № 12. – С.12-14.
3. Солтанбекова Б.Е. Совершенствование организационно-экономического механизма охраны окружающей среды в Республике Казахстан : дисс... канд. экон. наук : 08.00.05- Караганда, 2009. – 27 с.
4. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі (Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 2017 жылғы 5 сәуірдегі № 56-VI Қазақстан Республикасының Заңы)
5. [http://www.inform.kz/ сайты](http://www.inform.kz/)
6. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі дайындаған 2016 жылға арналған қоршаған орта жағдайы және табиғи ресурстарды пайдалану туралы Ұлттық баяндамасы
7. Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика Министрлігі статистика Комитеті // <http://stat.gov.kz/>

8. Часовников С.Н. Экономический механизм охраны окружающей среды как способ решения экологических проблем региона // Вестник ТГПУ. – 2007. – № 6(69). – С.66-69.

9. Дружинская О.И. Экономический механизм охраны окружающей среды // Научная идея. – 2017. – № 2(2). – С.92.

References

1. Ospanova G.S., Bozhatova G.T. Ekologiya, Almaty, 2002, s. 136-138. Pinigin M.A. Zadachi gigiyeny atmosfernogo vozdukha i puti ikh resheniya na blizhayshuyu perspektivu // Gigiyena i sanitariya, 2000, № 1, s.3-8.
2. Kaliyev S. Vozdeystviye GMK na dobit' sredi // Promyshlennost' Kazakhstana, 2008, № 12, s.12-14.
3. Soltanbekova B.Ye. Sovershenstvovaniye organizatsionno-ekonomicheskogo mekhanizma okhrany okruzhayushchey sredi v Respublike Kazakhstan // diss ... na soisk. uchen. step. kand. ekon. nauk: 08.00.05, Karaganda, 2009, 27 s.
4. Kazakstan Respublikasynuң Ekologiyalyk kodeksi (Kazakstan Respublikasynuң Ekologiyalyk kodeksin өзгерістер мен tolyk tyular yengizu turaly 2017 zhylgy 5 sauırdegi № 56-VI Kazakstan Respublikasynuң Zanu).
5. [inform.kz http://www.inform.kz/ sayty](http://www.inform.kz/)
6. Kazakstan Respublikasy Energetika ministrлігі dayyndağan 2016 zhylga amalğan k, orshağan orta zhağdayy zhəne tabiği resurstardy paydalanu turaly Ұlttyk, bayandamasy
7. Kazakstan Respublikasy Ұlttyk, Ekonomika Ministr statistiki truda // <http://stat.gov.kz/>
8. Chasovnikov S.N. Ekonomicheskij mekhanizm okhrany okruzhayushchey sredi kak sposob resheniya ekologicheskikh problem regiona // Vestnik TGPU, 2007, № 6 (69), s.66-69.
9. Druzhinskaya O.I. Ekonomicheskij mekhanizm okhrany okruzhayushchey sredi // Nauchnaya ideya, 2017, № 2 (2), s.92

Аннотация

В нынешнее время взаимодействия общества с окружающей средой являются достаточно сложными. В статье анализируется экологическая ситуация в Казахстане и основное внимание уделяется ключевым экологическим проблемам. В ходе исследования были рассмотрены национальные и региональные программы защиты природы и разработаны экономические механизмы его организации. Проанализированы экономические и финансовые механизмы управления отходами, повышение экологической эффективности, включая организационные, финансовые и финансово-правовые вопросы, с учетом возможностей современных технологий и финансовых ресурсов и инвестиционных возможностей.

Ключевые слова: охрана окружающей среды, экономический механизм, экологические проблемы.

Summary

At the present time, the interaction between society and the environment is quite complex. The article analyzes the ecological situation in Kazakhstan and focuses on key environmental issues. The study examined national and regional nature protection programs and developed economic mechanisms. Economic and financial mechanisms of waste management, increase of ecological efficiency, including organizational, financial and financial-legal issues, taking into account the possibilities of modern technologies and financial resources and investment opportunities are analyzed.

Keywords: environmental protection, economic mechanism, ecological problems.